

Негізгі капитал - бұл ұйымның негізгі қорларының ақшалай бағалануы.

Негізгі капитал кәсіпорынның өндіріс процесіне әр түрлі қызметтерді атқара отырып көп рет қатысатын өндіріс құралдарынан және материалдық емес активтерінен құралады. Бірте-бірте тоза отырып олар өзінің құнын жасалған дайын өнімге амортизациялық аударымдар түрінде бірнеше жыл барысында ауыстырады.


Кәсіпорынның негізгі қорлары – өзінің құнын өндіріс процесі барысында дайындалатын өнімге бөлшектеп ауыстыратын материалдық емес құндылықтардың жиынтығы.

Негізгі қорлар – өндіріс процесіне ұзақ уақыт мерзімінде қатыса отырып өзінің заттық-натуралдық нысанын сақтайтын және өз құнын дайын өнім құнына амортизациялық аударымдар түрінде бөлшектеп ауыстыратын өндірістік, материалдық-заттық құндылықтардың жиынтығы.

Қолдану мақсатына қарай негізгі қор түрлері:

- Ғимараттар (цехтер, қоймалар, т.б.);
- Құрлыстар (көпір, тоннель, жолдар, т.б.);
- Тасымалдау қондырғылары (құбырлар, электр тоғын тасымалдау желілері, т.б.)
- Машиналар және жабдықтар:
 - а) Күш машиналары және жабдықтары (энергияның түрлерін шығарады);
 - б) Жұмыс машиналары мен жабдықтары (еңбек затына әсер етеді);
 - в) Өлшеу және реттеу аспаптары;
 - г) Есептегіш техника және т.б.
- Көлік құралдары;
- Құрал-сайман, қызмет ету мерзімі 1 жылдан жоғары болатын басқа құралдар);
- Өндірістік және шаруашылық жиһаз;
- Жұмысшы және өнім беретін мал;
- Көпжылдық өсімдіктер;
- Жер құнарлығын өсіруге қажет күрделі шығындар;
- Басқа қорлар (мысалы кітапханалық қор).

Қызмет ету мерзімі 1 жылдан кем болатын заттар негізгі қорларға жатпайды.



Негізгі қорды ақшалай бағалау

Бастапқы құн бойынша

Қайта қалпына келтіру құны бойынша

Қалдық құны бойынша

Жою құны бойынша

Негізгі қордың
тозуы
(амортизациясы)

Табиғи
(физикалық)
тозуы

Сапалық тозуы

Жұмыс көлемі бойынша табиғи тозу коэффициенті:

- $I = T_f * P_f / T_n * P_n$,
- Мұндағы T_f машинаның нақты жұмыс атқарған жылдарының саны;
- P_f жыл бойына нақты жасалған орташа өнім;
- P_n қондырғының жылдық өндірістік қуаты;
- T_n нормативтік жұмыс атқару мерзімі.

Қызмет ету мерзімі бойынша табиғи тозу коэффициенті:

- $I = T_f / T_n$.

- Сапалық тозудың бірінші түрі – еңбек өнімділігінің өсуі нәтижесінде бұрын шығарылған сондай конструкциялы және техникалық сипаттағы еңбек құралдарын (машина, қондырғы) өндірісіне жұмсалатын шығындар азаяды. Демек бұл тозу машиналар мен қондырғының құнының азаюы түрінде болады.
- $I = (\Phi_1 - \Phi_2) / \Phi_1$,
- Мұндағы Φ_1 және Φ_2 – негізгі қорлардың бастапқы және қалпына келтірудің сәйкес құндары.

- Сапалық тозудың екінші түрі сондай өндірістік мақсаттарға анағұрлым жетілген қондырғыны қолдану арқылы қол жеткізу мүмкіндігімен байланысты.
- $V_c = (V_c * P_u) / P_s$,
- Мұндағы V_c , V_u қазіргі және ескірген машиналардың қалпына келтіру құны;
- P_s , P_u қазіргі және ескірген машиналардың өнімділігі (өндірістік қуаты).

Амортизация нормасы

- $Na = ((\Phi_b - Л + Д) / (\Phi_b * T_a)) * 100\%$
- Φ_b бастапқы құн;
- $Л$ жою құны;
- $Д$ демонтаждау құны;
- T_a амортизациялық кезең.

Негізгі қорды қолдану тиімділігі

Көрсеткіш атауы	Есептеу алгоритмі
Қор қайтымдылығы	$ҚҚ = \Theta_{жк} / НӨҚ_{ож}$ <p>мұндағы</p> <p>ҚҚ – қор қайтымдылығы;</p> <p>$\Theta_{жк}$ – өнімнің жылдық көлемі;</p> <p>НӨҚ_{ож} – тауар өндіруге қатысатын негізгі өндірістік қордың орташа жылдық құны</p>
Негізгі қор рентабельділігі	$НҚР = \Pi_T / НӨҚ_{ож}$ <p>мұндағы</p> <p>НҚР – негізгі қор рентабельділігі;</p> <p>Π_T – таза пайда;</p> <p>НӨҚ_{ож} – тауар өндіруге қатысатын негізгі өндірістік қордың орташа жылдық құны</p>
Өнімнің (тауар айналымының) қор сыйымдылығы	$ҚС = 1/ҚҚ = НӨҚ_{ож} / \Theta_{жк}$ <p>мұндағы</p> <p>ҚС – қор сыйымдылығы;</p> <p>НӨҚ_{ож} – тауар өндіруге қатысатын негізгі өндірістік қордың орташа жылдық құны;</p> <p>$\Theta_{жк}$ – өнімнің жылдық көлемі</p>